

**Мәслихаттың 2014 жылғы 31 қазандағы № 283 "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2016 жылғы 5 мамырдағы № 28 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 31 мамырда № 6410 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2024 жылғы 9 шілдедегі № 136 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 09.07.2024 № 136 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 31 қазандағы № 283 "Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 5173 нөмірімен тіркелген, 2014 жылғы 4 желтоқсанда "Айна" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасында:

2,3 тармақтары жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй көмегін "Қарабалық ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті орган) көрсетіледі.

Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) "Халыққа қызмет көрсету орталығы" Департаментінің "Азаматтар үшін үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" бейкоммерциялық акционерлік қоғамының Қостанай облысы бойынша филиалының Қарабалық ауданының бөліміне (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорациясы) немесе [www.egov.kz](http://www.egov.kz) "электрондық үкіметтің" веб-порталына (бұдан әрі - портал) балама негізде өтінішпен жүгінеді және "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 319 "Тұрғын үй көмегін тағайындау" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11015 тіркелген, 2015 жылғы 3 маусымда "Әділет"

ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мемлекеттік қызмет стандартының 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

3. Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін көрсету нәтижесін Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезде- күнтізбелік 10 (он) күнде ұсынады."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Екінші сессия

төрағасы, аудандық

мәслихаттың хатшысы

А. Тюлюбаев

"Қарабалық ауданы әкімдігінің  
жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Д. Шрейдер